

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №1

Өткізілген уақыты: 31 тамыз 2024 жыл

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылында цифрлық сауаттылықты арттыру»

Мақсаты: «2024-2025 жаңа оқу жылында тәрбиелеу – оқыту жұмысын ұйымдастыру»

Барлық педагогтар саны:18

Қатысқан педагогтар саны:14

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагог қызметкерлерін тамыз кеңесінің материалдарымен таныстыру
директор: А.О.Өмірзақ.
2. Жазғы сауықтыру – шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорыту
3. 2024-2025 оқу жылындағы бөбекжайдың және топтардың перспективалық жоспарын бекіту, жылдық жоспарды бекіту,
 - жылдық мақсат пен міндеттерді;
 - оқу жоспарларын, вариативтік бөлімін бекіту;
 - ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бөлу кестесі;
 - перспективалық жұмыс жоспарлары;
4. Аттестациядан өткен педагогтардың тізімін анықтап, бекіту.
5. Жаңадан келген балалардың бейімделуі

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша директор А.О.Өмірзақ сөз алып, тамыз конференциясы аясында өткен «Цифрландыру жағдайындағы білім алушылардың физикалық мәдениетін қалыптастыру» және жаңа тәсілдер мен әдістерді талқылау және енгізу педагогтерге балалардың салауатты өмір салты дағдыларын тиімдірек дамытуға көмектеседі, олардың табысты дамуын және қазіргі әлемде өмір сүруге дайындығын қамтамасыз ететіндігін айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша, бөбекжай директоры А.О.Өмірзақ педагогтерді жазғы сауықтыру шараларының жоспар бойынша жүзеге асырылғанын айтып, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Жаңа оқу жылындағы педагогтарды құрамымен ақпараттандырды. Сонымен қатар, күн тәртібіндегі қаралатын мәселелермен таныстырып, педагогикалық кеңестің өз құрамынан бір жылдық мерзімде хатшы сайлау керектігін айтты.

Үшінші мәселе бойынша директор А.О.Өмірзақ 2024-2025 оқу жылындағы бөбекжайдың және топтардың перспективалық жоспары мен жылдық жоспарды, жылдық мақсат пен міндеттерді, оқу жоспарларын, вариативтік

бөлімін, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бөлу кестесі, перспективалық жұмыс жоспарларын бекітті.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер Н.Манибаева сөз алып аттестациядан өткен педагогтардың тізімін анықтап, жаңа оқу жылының тарификациясына қосылатынын айтты.

Бесінші мәселе бойынша әдіскер Н.Манибаева сөз алып жаңадан келген балалардың бейімделуі тікелей тәрбиешілерге және ата-аналарға байланысты екенін ескеру керектігін ескертті

ШЕШІМІ:

1. Цифрландыру жағдайындағы білім алушылардың физикалық мәдениетін қалыптастыру және жаңа тәсілдер мен әдістерді талқылау және енгізу педагогтерге балалардың салауатты өмір салты дағдыларын тиімдірек дамытуға көмектеседі, олардың табысты дамуын және қазіргі әлемде өмір сүруге дайындығын қамтамасыз етілсін.
- 2.«Аяла» санаторлық бөбекжай»КММ-сі директоры А.О.Өмірзақтың жылдық есебі және жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысы бойынша есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.
- 3.2024-2025 оқу жылындағы бөбекжайдың және топтардың перспективалық жоспары бекітілсін.
4. . Аттестациядан өткен педагогтардың тізімі анықталсын және бекітілсін.
5. Жаңадан келген балалардың бейімделуі қадағалансын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:
Хатшы :



А.О.Өмірзақ
А.Саурова 

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №2

Өткізілген уақыты: 5 .12. 2024 жыл

Тақырыбы: «Ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы арттыру»

Мақсаты: Балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды қамтамасыз етуге , балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және әр баланың мүмкіндігін ескере отырып, ақыл – ой , адамгершілік , физикалық ,эмоционалдық, танымдық қабілеттерін дамытуға психологиялық бағыт-бағдар беру,

Барлық педагогтар саны: 18

Қатысқан педагогтар саны:14

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.
2. Дөңгелек үстел «Ерекше білім беруді талап ететін балалардың қауіпсіздігі»
3. Шебер сынып : Жүргізілген шығармашылық жұмыстарының қортындысы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша балабақша директоры №1 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Балабақша 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбиелеу мен оқыту жұмысының жоспарына сәйкес жұмыс жасап жатқанын айтты. Аттестациядан өткен педагогтардың тізімін анықталып бекітілді. Жаңадан келген балалардың бейімделулері бойынша педагогтердің жұмыстары атқарылып ата-аналарға кеңестер беріліп жатқанын айтты.

Екінші мәселе бойынша, бөбекжай директоры А.О.Өмірзақ педагогтерге «Ерекше білім беруді талап ететін балалардың қауіпсіздігі» жайлы дөңгелек үстел ұйымдастырып, балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды қамтамасыз етіп, әр баланың ерекшеліктерімен мүмкіндіктерін ескеру арқылы ақыл-ой, адамгершілік, физикалық, танымдық қабілеттерін дамытуға психологиялық бағыт бағдар қажет екендігі жайлы айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша Н.М.Манибаева педагогтардың өз білімін жетілдіру мақсатында атқарып жатқан шығармашылық жұмыстарының жүргізілуі бойынша педагогтар арасында шебер сынып ұйымдастырды. Педагогтерге өз білімін жетілдіру бойынша жұмыстарының ары қарай жалғастырып жүргізілу керектігі айтылды.

ШЕШІМІ

№1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдер жыл бойына қадағалансын.

Екінші мәселе бойынша «Ерекше білім беруді талап ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы арттыру жұмыстары мен қауіпсіздігі қадағалансын .

Педагогтерге өз білімін жетілдіру бойынша жұмыстарының ары қарай жалғастыру жұмыстары қадағалансын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:
Хатшы :



А.О.Өмірзақ

А.Саурова 